ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 17 қаңтар № 4360-24-00-2/3573 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья А. Әбілқайысқызы,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорыны

ЖАУАПКЕР:
«Курбан» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Мирас Талипбайұлы Курбан

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-3, 267-4-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Курбан» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Мирас Талипбайұлы Курбан мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Курбан» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Мирас Талипбайұлы Курбаннан мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегізжүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым беруге, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья А.Әбілқайысқызы
көшірмесі дұрыс

Төраға Б.Е.Елшібеков

Анықтама:
Шешім заңды күшіне енді «04» наурыз 2025 жылы.

Төраға Б.Е.Елшібеков

Құжатқа қол қойылған: Әбілқайысқызы А., 23.01.2025

Заңды күшіне енген күні: 04.03.2025, судья Елшібеков Б. Е., 05.03.2025

4360-24-3-1/3730